

Тіл кемістігі және оның себептері

Тіл кемістігі деп сөйлеу қабілетінің психофизиологиялық механизмінің бұзылу салдарынан сөйлеушінің сөйлеу тілінің қоршаған ортаға тән мөлшерден ауытқуын айтады. Коммуникативті теория бойынша сөйлеу тілі бұзылысы – ол вербальды қатынастың бұзылуы деп есептеледі.

Сөйлеу тілінің бұзылуы төмендегідей белгілерімен сипатталады:

- өз бетінше жоғалмайды, қайта бекиді;
- логопедиялық ықпал жасауды талап етеді;
- сөйлеушінің жасына сәйкес келмейді,
- баланың одан ары дамуына жағымсыз әсерін тигізеді.
- тіл білмейтіндік, диалектизм тіл кемістігі болып саналмайды.

Сөйлеу тіл бұзылыстарының себептері – ағзаға сөйлеу тілі бұзылыстарының ерекшеліктерін дәйектейтін сыртқы немесе ішкі зиянды факторлардың әсері болып табылады. Әлі туылмаған баланың сөйлеу тілі дамуына және ауытқуына болашақ ата-аналарының дұрыс емес өмір салты әсер ететінімен түсіндіруге болады. Балаға ата-аналарынан психикалық-жүйке ерекшеліктері, сөйлеу аппаратының перифериялық және орталық бөлімдерінің құрылымының ерекшеліктері балаға берілуі мүмкін

Ұрықтың іштей қалыпты дамымауы, яғни сөйлеу аппаратының перифериялық және орталық бөліктері дұрыс қалаптаспауы, келесі жағымсыз факторлардың салдарынан болуы мүмкін:

- жүктіліктің бірінші-екінші жартылығындағы токсикоздар;
- жүктілік кезіндегі анасының созылмалы ауырулары (тұмау, қызамық, эндокринды бұзылыстары, бүйрек және жүрек ауырулары, т.б.);
- резус-конфликт;
- анасының жүктілік кезіндегі әр түрлі жарақаттары;
- жағымсыз кәсіби жағдайлар (жоғарыда аталған факторлардан басқа болашақ анаға ауыр физикалық жұмыс және түнгі ауысымда істеуге болмайтынын айтқан жөн);
- анасының жүктілік кезінде шылым шегуі және ішімдікке құмар болуы;
- стресстік жағдайлар (ажырасу, жақын адамдарының қаза болуы, т.б.);
- тастанды түсік жасауға әрекеттену, бірақ оның нәтижелі болмауы.



Анасының жүктілік кезінде шылым шегуінің балаға тигізетін әсеріне ерекше тоқталып кеткен жөн. Көптеген зерттеулер нәтижесінде ғалымдар шылым шегудің ұрықтың дамуына тигізетін жағымсыз әсерін анықтаған. Эхографияның көрсеткіштері бойынша, анасының шылым шеккен кезінде баланың жүрек қағысы жиілейді, ал баланың өз бетімен қимылы (спонтанды) бірте-бірте тоқталады-бала тұншыға бастайды. Шылым шегетін анадан туған балалар өмірінің алғашқы 3 айында тыныс алу мүшелерінің ауыруына бейім болады. Олардың өкпелерінің көлемі шамадан 5% , ал салмағы 70-140 граммға аз болады.

Баланың ерте жас кезеңінде сөйлеу тілінің қалыптасуына келесі жағдайлар кері әсерін тигізуі мүмкін:

- бас жарақаттары, ми шайқалуы;
- бас миының асқыну ауырулары (менингит, менингоэнцефалит)
- естуінің төмендеуіне немесе мүлдем естімей қалуына себеп болатын аяғына дейін емделмеген ортаңғы және ішкі құлағының асқыну ауырулары
- сөйлеу тілі қалыптасқанға дейін сөйлеу аппаратының перифериялық бөліктерінің зақымдалуы (әр түрлі жарақаттар, баланың үнемі саусақ емуінің салдарынан болған тіс және жақ сүйектерінің ауытқулары, т.б.);
- баланың сөйлеу тілі дамуына ересектердің жеткілікті көңіл бөлмеуі немесе айналасындағы адамдардың сөйлеу тіл ақаулары.

Назарларыңызға рахмет!